

"Этил спирті және алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 88 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 950 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 қарашада № 17785 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Этил спирті және алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 88 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10502 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық–құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 6 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Этил спирті және алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Этил спирті және алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымы жөніндегі декларацияларды жеке және заңды тұлғалар электрондық түрде есепті айдан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей ай сайын "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 88-бабына сәйкес жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қойылған орны бойынша мемлекеттік кірістер органына табыс етеді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. 7-бағанда өндірген этил спирті немесе шарап материалының салық төлеушінің деректері бойынша көлемі көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 20-1-тармақпен толықтырылсын:

"20-1. 7-1-бағанда өндірген этил спирті есепке алатын бақылау аспаптарының деректері бойынша көлемі көрсетіледі.";

Қағидалардың 2-қосымшасы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Ә. Смайылов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

_____ Н. Айдапкелов

2018 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы № 950
бұйрығына қосымша
Этил спирті және алкоголь
өнімін өндіру және айналымы
жөніндегі декларацияларды
табыс ету қағидаларына
2-қосымша
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

**Этил спирті және (немесе) шарап материалын өндіру және айналымы
жөніндегі декларация есепті кезең 20___ жылғы _____ айы**

Индексі: өндірушінің ЭСШМӨАД* 1

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: этил спиртін және (немесе) шарап материалының өндірісін және айналымын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар

Қайда ұсынылады: мемлекеттік кірістер органдарына

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 күніне кешіктірмей

*Этил спиртін және (немесе) шарап материалын өндіру және айналымы жөніндегі декларация

Ескертпе: декларацияны толтыру бойынша түсіндірме осы Этил спиртін және алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету қағидаларында келтірілген.

Салық органының кодi

Жеке сәйкестендіру нөмірі / Бизнес сәйкестендіру нөмірі

Атауы

Есепті кезең _____ ай _____ жыл

Есеп беру түрі

№ р/с	Немесе лицензияға берілген қосымша бойынша қызметін жүзеге асыру мекенжайы	Өнімнің түрі (этил спирті немесе шарап материалы)	Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы коды (этил спирті немесе шарап материалын импорттағанда немесе экспорттағанда)	Есепті кезеңнің басындағы этил спирті немесе шарап материалының қалдығы, дал	Этил спиртін немесе шарап материалдың кірісі, оның ішінде:				
					Барлығы	Өз өндірісінің көлемі		Басқа жеткізушілерден алынғаны бойынша бұрын өткізілген	
						салық төлеушінің деректері бойынша	есепке алатын бақылау аспаптарының деректері бойынша	Қазақстан Республикасында алынды	бұрын өткізілген қайтару
1	2	3	4	5	6	7	7-1	8	9

Кестенің жалғасы

Этил спиртіннің немесе шарап материалының шығыстар,											
Барлығы	Алкоголь өнімін өз өндірісі үшін	Басқа тұлғаларға алкоголь өнімін өндіру үшін этил спирті мен шарап материалы өткізілді	Экспортқа өткізілді	Техникалық қажеттіліктерге өткізілді (этил спирті үшін)	медициналық мақсаттар үшін өткізілді (этил спирті үшін)	Өндіру процесіндегі шығыстар	Өзге де шығыстар				Ескерту
							бұрын алынғандығы қайтару	бүлінуі, жоғалуы, тәркілеу	бүлінуі, жоғалуы төтенше жағдайлар кезінде		
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК